



ALTYNSARIN  
AKADEMIASY

ҒЫЛЫМИ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЖУРНАЛ

# БІЛІМ ОБРАЗОВАНИЕ

ISSN 1607-2790

НАУЧНО-ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ

№4 (103) 2022

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІ  
Ы. АЛТЫНСАРИН АТЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ БІЛІМ АКАДЕМИЯСЫ

МИНИСТЕРСТВО ПРОСВЕЩЕНИЯ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН  
НАЦИОНАЛЬНАЯ АКАДЕМИЯ ОБРАЗОВАНИЯ ИМ. И.АЛТЫНСАРИНА

THE MINISTRY OF EDUCATION OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN  
NATIONAL ACADEMY OF EDUCATION NAMED AFTER Y. ALTYSARIN

# БІЛІМ – ОБРАЗОВАНИЕ

ҒЫЛЫМИ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЖУРНАЛ  
НАУЧНО-ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ  
RESEARCH AND ACADEMIC JOURNAL

№4 (103) 2022

Астана, 2022

**ҚР ОАМ Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының  
ҒЫЛЫМИ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЖУРНАЛЫ**

**Басылымның кезеңділігі - жылына 4 рет шығады**

№ 9838-Ж

есепке қою, қайта есепке қою туралы

**КУӘЛІК**

Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің  
Ақпарат және мұрағат комитетінде берілген

**ТАҚЫРЫПТЫҚ БАҒЫТЫ**

**БІЛІМ ЖӘНЕ ТӘРБИЕ МӘСЕЛЕЛЕРІ БОЙЫНША ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК,  
АҚПАРАТТЫҚ-ТАНЫМДЫҚ МАТЕРИАЛДАРДЫ ЖАРИЯЛАУ**

**РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ**

**Пұсырманов Н.С.** – философия докторы (PhD),  
редакция алқасының төрағасы;  
**Чокушева А.И.** – философия докторы (PhD);  
**Бекмағамбетов Ә.Б.** – з.ғ. к., қауымдастырылған профессор;  
**Вербицкая Н.О.** – п.ғ.д., профессор (Ресей);  
**Калимуллин А.М.** – т.ғ.д., профессор (Ресей);  
**Кожамжарова Д.П.** – т.ғ.д., профессор;  
**Кулмаматов Д.С.** – ф.ғ.д., профессор (Өзбекстан);  
**Есім Ғ.** – филос.ғ.д., профессор;  
**Мехмет Гувен** – психология ғ.д., профессор (Түркия);  
**Шаймерденова М.Д.** – т.ғ.к., профессор;  
**Бутабаева Л.А.** – философия докторы (PhD);  
**Мукашева М.У.** – п.ғ.к., доцент;  
**Нарбекова Б.М.** – т.ғ.к., доцент;  
**Жуманова С.С.** – п.ғ.м., жауапты редактор.

*Материалдардың анықтығына авторлар жауапты болады.  
Редакция материалдарды қабылдамауға құқылы.*

**НАУЧНО-ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ**  
**Национальной академии образования имени**  
**И. Алтынсарина МП РК**

**RESEARCH AND ACADEMIC JOURNAL**  
**National Academy of education named after**  
**Y. Altynsarin, MES RK**

**Периодичность издания – 4 номера в год**

**Frequency of publication – 4 issues per year**

**СВИДЕТЕЛЬСТВО**

о постановке на учет, переучете № 9838-Ж  
 выдано Комитетом информации и архивов  
 Министерства культуры и  
 информации Республики Казахстан

**CERTIFICATE**

about registration, re-registration  
 No. 9838-F  
 issued by the Committee of information and archives  
 of the Ministry of culture and information of the  
 Republic of Kazakhstan

**ТЕМАТИЧЕСКАЯ НАПРАВЛЕННОСТЬ**

ПУБЛИКАЦИЯ НАУЧНО-МЕТОДИЧЕСКИХ,  
 ИНФОРМАЦИОННО-ПОЗНАВАТЕЛЬНЫХ  
 МАТЕРИАЛОВ ПО ПРОБЛЕМАМ ОБРАЗОВАНИЯ И  
 ВОСПИТАНИЯ

**THEMATIC FOCUS**

PUBLICATION OF SCIENTIFIC AND  
 METHODOLOGICAL INFORMATION AND  
 INSTRUCTIONAL MATERIALS ON EDUCATION AND  
 UPBRINGING

**РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ**

**Пусырманов Н.С.** – доктор философии (PhD),  
 председатель редакционной коллегии;  
**Чокушева А.И.** – доктор философии (PhD);  
**Бекмагамбетов А.Б.** – к.ю.н., ассоциированный  
 профессор;  
**Вербицкая Н.О.** – д.п.н., профессор (Россия);  
**Калимуллин А.М.** – д.и.н., профессор (Россия);  
**Кожамжарова Д.П.** – д.и.н., профессор;  
**Кулмаматов Д.С.** – д.ф.н., профессор (Узбекистан);  
**Есим Г.** – д.филос.н., профессор;  
**Мехмет Гувен** – д.психол.н., профессор (Турция);  
**Шаймерденова М.Д.** – к.и.н., профессор;  
**Бутабаева Л.А.** – доктор философии (PhD);  
**Мукашева М.У.** – к.п.н., доцент;  
**Нарбекова Б.М.** – к.и.н., доцент;  
**Жуманова С.С.** – м.п.н., ответственный редактор.

**EDITORIAL BOARD**

**N.S. Pussyrmanov** – Doctor of Philosophy (PhD),  
 Chairman of the editorial Board;  
**A.I. Chokusheva** – Doctor of Philosophy (PhD);  
**A.B. Bekmagambetov** – Candidate of Law, associate  
 Professor;  
**N.O. Verbitskaya** – Doctor of pedagogy, Professor (Russia);  
**A.M. Kalimullin** – Doctor of history, Professor (Russia);  
**D.P. Kozhamzharova** – Doctor of history, Professor;  
**D.S. Kulmamatov** – Doctor of Philology, Professor  
 (Uzbekistan);  
**G. Yesim** – Doctor of Philosophy, Professor;  
**Mehmet Guven** – Doctor of Psychology, Professor  
 (Turkey);  
**M.D. Shaimerdenova** – Candidate of history, Professor;  
**L.A. Butabayeva** – Doctor of Philosophy (PhD);  
**M.U. Mukasheva** – Candidate of pedagogics, associate  
 Professor;  
**B.M. Narbekova** – Candidate of history, associate  
 Professor;  
**S.S. Zhumanova** – Master of Pedagogy, executive editor.

*Ответственность за достоверность материалов  
 несут авторы.*

*Редакция оставляет за собой право отклонять  
 материалы.*

*The authors are responsible for the accuracy of the  
 materials.*

*The editorial board reserves the right to reject the  
 materials.*

## МАЗМҰНЫ

### БІЛІМ САЯСАТЫ / ОБРАЗОВАТЕЛЬНАЯ ПОЛИТИКА / EDUCATIONAL POLICY

**Жұманова С.С., Жұмашов Е.Ә., Шарипова Д.Г.**

Білім берудегі теңдік пен сапа: аз қамтылған отбасылардан шыққан оқушыларды қолдаудың тұжырымдамалық негіздері.....5

### ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК ЖӘНЕ ҒЫЛЫМИ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ІЗДЕНІС / НАУЧНО-МЕТОДИЧЕСКИЙ И НАУЧНО-ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ ПОИСК / SCIENTIFIC-METHODICAL AND SCIENTIFIC-PEDAGOGICAL SEARCH

**Еспенова Т.Т., Тауенов Қ.Е.**

Шығармашылық жоғары оқу орындарында қазақ тілін оқыту ерекшеліктері.....11

**Габдулина К.М., Байменова Б.С.**

Болашақ педагог-психологтердің цифрлық сауаттылығын қалыптастыруда цифрлық білім беру ортасының рөлі.....22

**Кинцель А.Е.**

Специфика подготовки учителя биологии к работе с одаренными детьми.....30

**Галимжанова М.А., Кәріпжанова Ш.Б.**

Болашақ педагог-психологтердің іс-әрекетін инновациялық тұрғыда басқару.....36

### БІЛІМ БЕРУДЕГІ ЗЕРТТЕУЛЕР / ИССЛЕДОВАНИЯ В ОБРАЗОВАНИИ / RESEARCH IN EDUCATION

**Ибраева А.Н.**

Профессиональные научные сообщества: оценка и отбор.....44

**Шайханова А.Е., Абишев Т.Р., Сактаганов Б.К.**

Влияние оценивания педагогов на восприятие себя обучающимися и их самооценку.....54

**Nigmatova F.B., Sagindykov I.U., Kanatkyzy A.S.**

Blended learning in Higher Education: case study of using different approaches.....60

**Воловик И.В.**

Образование и глобальные вызовы современности.....60

### ТӘРБИЕЛЕУДІҢ ТЕОРИЯСЫ МЕН ТӘЖІРИБЕСІ / ТЕОРИЯ И ПРАКТИКА ВОСПИТАНИЯ / THEORY AND PRACTICE OF EDUCATION

**Мехмет Гувен, Абубакирова Э.С., Г.А. Хасенова**

Орта білім беру жүйесіндегі мектеп климатын бағалаудың педагогикалық-психологиялық ерекшеліктері.....76

### ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУ: ТЕОРИЯ ЖӘНЕ ПРАКТИКА / ИНКЛЮЗИВНОЕ ОБРАЗОВАНИЕ: ТЕОРИЯ И ПРАКТИКА / INCLUSIVE EDUCATION: THEORY AND PRACTICE

**Н.А. Бейсен**

Речь как механизм развития коммуникативной направленности детей с особыми образовательными потребностями.....87

БІЗДІҢ АВТОРЛАР/ НАШИ АВТОРЫ / OUR AUTHORS.....93

ЖУРНАЛ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ / ПОЛОЖЕНИЕ О ЖУРНАЛЕ / POSITION ABOUT THE JOURNAL.....94

FTAMP 14.15.23

**С.С. ЖҰМАНОВА, Е.Ә. ЖҰМАШОВ, Д.Г. ШАРИПОВА***Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы,**Астана қ., Қазақстан**E-mail: sara\_zhumanova@mail.ru*

## **БІЛІМ БЕРУДЕГІ ТЕҢДІК ПЕН САПА: АЗ ҚАМТЫЛҒАН ОТБАСЫЛАРДАН ШЫҚҚАН ОҚУШЫЛАРДЫ ҚОЛДАУДЫҢ ТҰЖЫРЫМДАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ**

**Аңдатпа.** Мақалада әлеуметтік аз қамтылған отбасылардан шыққан білім алушыларды мемлекет тарапынан қолдаудың өзектілігі қарастырылған. Әлеуметтік осал топтардың сапалы білімге қолжетімділігін қамтамасыз етуге негіз болған факторлар және қарсы аргументтер зерделенген. Авторлар әдеби шолу әдісін қолдану арқылы отандық және шетелдік ресурстардан мәлімет жинады. Жиналған мәліметтерді талдау және сыни пайымдау нәтижесінде бірнеше тұжырымдар жасады. Жасалынған тұжырымдар білімге қолжетімділікті қамтамасыз ету бағытындағы мемлекеттік саясатты негіздеу және жетілдіру тұрғысында пайдалы.

**Түйін сөздер:** білімнің қолжетімділігі, әлеуметтік көмек, инклюзивті білім, мемлекеттік әлеуметтік саясат, білім беру.

### **КІРІСПЕ**

Инклюзивті қоғам құру және барлық азаматтар үшін тең мүмкіндіктерді қамтамасыз ету үшін халықтың әлеуметтік осал топтарынан шыққан азаматтарды мемлекет тарапынан әлеуметтік қолдау өзекті. Мемлекет әлеуметтік жобаларды қаржыландыру арқылы азаматтардың мүмкіндіктерін теңестіріп, кадрлық әлеуетті дамытуға ықпал етеді. Алайда, бұл кез-келген елде қиын міндет болып табылды, сондықтан күшті және дәйекті саяси қолдауды қажет етеді. Бұл үшін мемлекеттік әлеуметтік саясаттың қоғамға тиімділігіне азаматтардың көзін ашу маңызды.

Әлеуметтік бағдарламалар – бұл азаматтарға инвестиция. Бұл адамдардың дағдылары мен құзіреттіліктерін нығайтуға, сондай-ақ, олардың еңбек нарығына шығуына және қоғамдық өмірге қа-

тысуына қолдау көрсетуге бағытталған әлеуметтік саясатты білдіреді. Сондықтан, әлеуметтік саясаттың негізгі бағыттары – адамдарға білім беруде қолдау көрсету, медициналық көмекке қол жеткізу, сапалы бала күтім дағдыларын дамыту және жұмыс іздеуге көмектесу. Мемлекеттік әлеуметтік саясаттың дұрыс іске асырылуы білім сапасына да оң ықпал етеді. Зерттеу нәтижесі әлеуметтік аз қамтамасыз етілген отбасылардағы білім алушылардың оқуға қолжетімділігін қамтамасыз ету бүкіл білім беру жүйесінің жақсаруына әкелетінін көрсетті.

Зерттеу қорытындысында балаларға бағытталған мемлекеттік әлеуметтік инвестиция көмек объектісіне де, жалпы қоғамға да үлкен пайда әкеледі деп түйін жасауға болады. Сондықтан Қазақстанда да, шет елдерде де оқушыларға әлеу-

меттік қолдау көрсету жүйесі бар. Әлеуметтік қолдау сапалы білім алуға және табысы аз отбасылардан шыққан балаларға мүмкіндіктер ашуға кедергілерді жою үшін өте маңызды.

#### ЗЕРТТЕУДІҢ МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

Зерттеудің мақсаты білім алушыларға әлеуметтік көмек көрсету бойынша отандық және халықаралық тәжірибені зерделеу арқылы бұл бағыттағы мемлекеттік саясаттың қажеттілігін талдау.

Зерттеу барысында төмендегі міндеттер алға қойылды:

- халықаралық және отандық зерттеушілердің еңбектерін саралау;
- орта білім беру саласында әлеуметтік көмек көрсету құжаттарына шолу жасау;
- жинақталған материалдарды жүйелеу;
- материалды талдау, синтездеу және жалпылау негізінде әлеуметтік аз қамтылған отбасылардан шыққан білім алушыларды мемлекет тарапынан қолдаудың өзектілігі туралы тұжырымдар жасау.

#### АҚПАРАТТЫ ЖИНАУ МЕН ӨҢДЕУДЕ ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДІСТЕР

Бұл бөлімде ақпаратты жинау мен талдау үшін қолданылған әдістер және олардың негіздемесі баяндалады.

Авторлар әлеуметтік осал топтардан шыққан балалардың сапалы білімге қолжетімділігін қамтамасыз етуге бағытталған мемлекеттік саясаттың қажеттілігін теориялық-концептуалдық тұрғыдан талдауды жоспарлады. Сол себепті әдеби шолу әдісін қолданды. Әдебиетке шолу екі кезеңде жүргізілді. Алдымен әлеуметтік саясаттың тұжырымдамалық және теориялық аспектілері талқыланған материалдарға шолу жасалды. Екінші кезеңде әлеуметтік даму саласындағы отандық жарияланымдар да талданды. Осы тақырыпта академиялық

мақалалар өте аз болғандықтан, бұқаралық ақпарат құралдарының публицистикалық материалдары да зерделенді. Республикалық және өңірлік БАҚ материалдары қаралды. Материалдар Google іздеу жүйесінің Интернеттегі Web-сервисі арқылы анықталды. Анықталған материалдар сілтемелері мен шығыс деректері бар бөлек файлға көшіріліп, сақталды. Жиналған мәліметтер және түрлі зерттеулердің қорытынды тұжырымдары салыстыру және салғастыру арқылы негізгі тұжырымдарды шығарды.

#### ЗЕРТТЕУ НӘТИЖЕЛЕРІ

Әлемнің барлық дерлік елдерінде белгілі бір деңгейде әлеуметтік саясат іске асырылады, әлеуметтік көмектің тетіктері бар. Әлеуметтік жәрдемақылардың түрлері, мөлшері және іске асырылу тәсілі әр қоғамға, ондағы қалыптасқан дәстүрге қарай өзгереді. Эспинг-Андерсон әлем мемлекеттерінің әлеуметтік бағыттағы саясатын зерделей келе оларды үшке жіктейді:

Либералды әлеуметтік саясаттағы мемлекеттерде мұқтаждарға көмек көп жағдайда бизнес пен қайырымдылық қорлары арқылы жүреді. Мемлекеттің көмегі әлсіз. Медициналық сақтандыру, зейнетақымен қамтамасыз ету индивидтің өзін жұмыспен қамтамасыз етуіне байланысты.

Корпоративті әлеуметтік саясаттағы қоғамдарда әлеуметтік көмекті мемлекеттік институттар қамтамасыз етеді.

Әлеуметтік-демократиялық бағыттағы қоғамдарда мемлекет әлеуметтік қамтамасыз етуге кепіл береді. Әлеуметтік жәрдемақылар барлық азаматтардың мүмкіндіктерін теңестіру үшін қолданылады [1].

Бұдан басқа да жіктеулердің бар екенін айтып өту қажет [8]. Неліктен мемлекеттер мен қоғамдар көмектесуі керек? Әлеуметтік саясатты жақтаушылар бұл сұраққа жауап ретінде көптеген ұтымды дәлелдер ұсынады [2, 3]. Бірін-

шіден, мұқтаж адамдарға мемлекет пен қоғам тарапынан көмек, ең алдымен, гуманитарлық көзқарастарға байланысты көрсетіледі. Мұндай көмектің басты мақсаты – мұқтаж азаматтың тұрмыс ауыртпалығын жеңілдету және дағдарысты жеңуге көмектесу. Екінші фактор, қоғам мүшелерінің бір-біріне өзара көмек көрсетуі. Бұл жеке тұлғаларды қауымдастыққа біріктіру және мемлекет құру факторларының бірі. Мұндай күш-жігер ынтымақтастық арқылы адамдардың құқықтары мен мүмкіндіктерін кеңейтуге бағытталған адамдардың ұжымдық әрекеті болып саналады. Бұл қоғамдағы адамдар бір-біріне тәуелді ынтымақты әлеуметтік желілердің бөлігі екенін білдіреді. Басқаша айтқанда, бұл әділ қоғамның элементтерінің бірі, ол өз мүшелерінің құқықтары мен бостандықтарын құрметтейді және барлық мүшелеріне жақсы мүмкіндіктер береді. Үшінші аргумент – демократия дұрыс жұмыс жасау үшін қажеттілікпен негізделеді. Саяси құқықтарын жүзеге асыру үшін адамдар, кем дегенде, негізгі материалдық қажеттіліктерін қанағаттандыруды қажет етеді.

Әлеуметтік көмекке мұқтаж азаматты неғұрлым ерте жастан бастап қолдаудың тиімділігі жоғары. Аз қамтылған отбасылардан шыққан балаларды ерте қолдаудың артықшылығын зерттеуге бағытталған рандомизацияланған зерттеу жобалары мұндай инвестициялардың балалар үшін болашақ әл-ауқатын жақсарта отырып, айтарлықтай ұзақ мерзімді пайдасы бар екенін анықтады. Үлкен және сапалы деректерді пайдаланған басқа зерттеулер, сондай-ақ қаржылық қолдауға, білім алуға, тұрғын үйге ие болуға, тамақтануды қамтамасыз етуге және аз қамтылған отбасылардан шыққан балалардың денсаулық сақтауға қолжетімділігін арттыруға, олардың денсаулығын, білім деңгейін, ересек

жастағы жұмыспен қамтылуын және табысын жақсартуға бағытталған бағдарламаларды көрсетті. Мұндай шығындар қысқа мерзімді перспективада инклюзивті саясатты кеңейтуге көмектеседі және ұзақ мерзімді перспективада қоғамдағы теңсіздікті азайтады.

Америка Құрама Штаттарында жүргізілген зерттеу көрсеткендей, бала кедейлікте неғұрлым ұзақ өмір сүрсе, есейгенде кедей болу қаупі соғұрлым жоғары болады. Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы (ЭЫДҰ) сарапшыларының зерттеуі Скандинавия елдерінде табысы аз отбасыларда туылған адамдарға орта топқа кіру үшін кемінде төрт ұрпақ қажет болатындығын көрсетеді. Бұдан шығатын қорытынды, белсенді мемлекеттік әлеуметтік саясатсыз аз қамтылған отбасылардан шыққан балаларға болашақта өзін-өзі қамтамасыз ететін азаматтар қатарына кіру үшін жылдар қажет болады.

Басқа зерттеулердің нәтижелері мектеп жасындағы балаларға әлеуметтік көмек елдегі адами капиталды, сәйкесінше жоғары білікті мамандарды қажет ететін инвестициялардың тартымдылығын жақсартады деген болжамды растайды. Осыған сүйене отырып, сарапшылар мектептегі білімге ақша салу адам капиталын нығайту, экономикалық өсуді жеделдету, азаматтардың кірістерін ұлғайту және Үкіметтің болашақ шығындарын азайту арқылы елдің жағдайын жақсартады деп атап өтті. Сондықтан, елдегі экономикалық дағдарыс кезінде де балаларға жоғары сапалы білім беру ұсынылады. Мұндай жағдайда білімге мемлекеттік инвестициялар жас азаматтардың қажетті дағдыларын игеру арқылы жұмыссыздықты болдырмауға және болашақ экономикалық өсуге қаражат салудың ақылға қонымды тәсілі бола алады. Осыған байланысты мемлекеттік қолдауды неғұрлым ерте жастан бастау және барлық балалар жан-жақты



дамуға тең мүмкіндік алатын орта құру маңызды.

Тиімді мектеп жүйелері жоғары сапалы және жақсы оқытылған қызметкерлердің, тиісті білім беру ресурстары мен жабдықтардың, сондай – ақ оқуға дайын ынталы студенттердің дұрыс үйлесімін талап етеді және ресурстар мүмкіндік беретін етіп бөлінуі керек. Оқушылардың білім жетістіктерін бағалау жөніндегі халықаралық бағдарлама (PISA) аз қамтылған отбасылардан шыққан білім алушылар әдетте ресурстары әлсіз, оқу бағдарламасы қысқарған, сыныптан тыс жұмыстардың саны аз мектептерге баратынын анықтады. Сол себепті мемлекеттік ресурстарды мектептер арасында бөлу кезінде осы үрдісті ескеру қажет [6]. Басқаша айтқанда, мемлекет әлеуметтік осал топтардан шыққан білім алушылары көп білім беру ұйымдарына көбірек ресурс бөлгені дұрыс.

1990 жылдары ғалымдар табысы аз отбасыларға мемлекеттік қаржылық көмек көрсету мен осындай отбасындағы білім алушылардың оқудағы үлгерімі арасындағы байланысты анықтау бойынша зерттеу жүргізді. Бұл зерттеу мемлекеттік қолдау әлеуметтік осал топтарынан шыққан балалардың оқуда үлгерімін жақсартатынына көмектесетіні туралы дәлелдер тапты. Дәлірек айтқанда, қаржылық көмек мөлшерінің артуы мектепке келген балалардың үлгерімінің жақсаруына әкелді [9].

Инклюзивтіліктің болмауы мектепте сәтсіздікке әкеледі, нәтижесінде мұндай оқушылар бұрын мектепті тастап кетеді. ЭЫДҰ елдерінде орта есеппен әрбір бесінші жас адам орта білімнің соңғы деңгейін аяқтамай, оқуын тастайды [6]. Баяндама авторлары үлгермеудің және мектептен шығарудың экономикалық және әлеуметтік шығындары жоғары, ал орта білімді сәтті аяқтау адамдарға жақсы жұмыс пен салауатты өмір салтын қалыптастыруға мүмкіндік береді, бұл

осындай азаматтардан жоғары салық жинау арқылы мемлекеттің экономикалық өсуіне әкеледі. Басқаша айтқанда, білімді адамдар тұрақты дамудың алғышарты болып табылатын күшті қоғам құруға ықпал етеді.

Психологиялық қолдаудан (психикалық денсаулықтан) бастап сыныптан тыс тиімді бағдарламаларға дейінгі қосымша қолдау-бұл сабаққа қатысуды, бағалар мен тест нәтижелерін жоғарылатудың және табысы аз мектеп оқушыларының мінез-құлық проблемаларын төмендетудің дәлелденген тәсілі. Бұл тұрғыда мектеп бұл тек білім беру орталығы ғана емес, сонымен қатар әлеуметтік қызмет көрсету үшін тамаша орын, өйткені әлеуметтік қызметкерлер баланың материалдық мүмкіндіктерін, психикалық сипаттамаларын және үлгерімін бағалау кезінде мұғалімдермен біріге алады, бұл қызмет көрсетуді жеңілдетеді.

#### ҚОРЫТЫНДЫ

Жоғарыда айтылғандарды жинақтай келе, аз қамтылған отбасылардан шыққан балалардың сапалы білім алуға қолжетімділігі – мемлекет пен қоғам болашағы үшін маңызды. Сол себепті балалардың білім алуына жұмсалатын қаржыны қоғам бақуаттылығының болашағына салынып жатқан инвестиция ретінде қарау қажет. Мұндай көзқарас сапалы білімнің барлығына қолжетімділігін қамтамасыз етуге бағытталған саясатты барлық тараптардың «дұрыс» түсінуі және қолдауы тұрғысынан өзекті.

Аз қамтылған отбасылардан шыққан балаларға сапалы білім алу үшін жағдай жасау проблемасының нақты шешімдері бар. Тетіктер табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен көп балалы отбасыларға берілетін тікелей төлемдер мен жәрдемақылардан бастап, қосымша білім берудің сапалы қызметтеріне нақты қол жеткізуді қамтамасыз етуге дейін. Тағы бір маңызды аспект-стигма

мен дискриминацияны жою, бұл балаларға психологиялық тұрғыдан зиян келтіруі және олардың дамуына ықпал етуі мүмкін, бұл салынған әлеуметтік инвестицияны жоққа шығарады.

Азаматтарға ерте жастан әлеуметтік көмек көрсетудің тиімділігі жоғары. Әлеуметтік оқшаулауды талдау орталығының зерттеушілері кедейлік пен теңсіздіктің ұрпақты циклімен күресудің ең жақсы әдісі – балаларға инвестиция салу деп тұжырымдады. Осы қорытынды негізінде авторлар инвестиция үшін бес негізгі бағытты ұсынады: бала туужасын-

дағы әйелдердің денсаулығын жақсарту жөніндегі бағдарламалар; аз қамтылған отбасы балаларына ерте жастан көмек көрсетуге бағытталған жобалар; балаларға күтім жасау және мектепке дейінгі білім беру сапасын арттыру жөніндегі шаралар; мектептен тыс және тәлімгерлік бағдарламалар, аз қамтылған отбасы жастары үшін жоғары білім алуға қол жеткізу бағдарламалары. Бұдан шығатын қорытынды, балалар – мемлекеттік әлеуметтік саясаттың маңызды бағытына айналуы керек.

#### ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ:

1. Esping-Andersen, G., 2019. *The three political economies of the welfare state. In The study of welfare state regimes (pp. 92-123). Routledge.*
2. *Six Examples of the Long-Term Benefits of Anti-Poverty Programs.* <https://obamawhitehouse.archives.gov/blog/2015/05/11/six-examples-long-term-benefits-anti-poverty-programs>
3. Furman J. *Smart Social Programs.* [https://www.nytimes-com.translate.google.com/2015/05/11/opinion/smart-social-programs.html?\\_x\\_tr\\_sl=en&\\_x\\_tr\\_tl=ru&\\_x\\_tr\\_hl=ru&\\_x\\_tr\\_pto=nui,sc](https://www.nytimes-com.translate.google.com/2015/05/11/opinion/smart-social-programs.html?_x_tr_sl=en&_x_tr_tl=ru&_x_tr_hl=ru&_x_tr_pto=nui,sc)
4. *A world free from child poverty: A guide to the tasks to achieve the vision. United Nations Children's Fund (UNICEF) and the Global Coalition to End Child Poverty, New York, 2017.* <https://www.unicef.org/reports/world-free-child-poverty>
5. OECD (2018), *A Broken Social Elevator? How to Promote Social Mobility*, OECD Publishing, Paris, <https://doi.org/10.1787/9789264301085-en>.
6. OECD (2012), *Equity and Quality in Education: Supporting Disadvantaged Students and Schools*, OECD Publishing. <http://dx.doi.org/10.1787/9789264130852-en>
- 7 *Investing in children: breaking the cycle of disadvantage.* <https://ec.europa.eu/social/main.jsp?catId=89&langId=en&newsId=2061&moreDocuments=yes&tableName=news>
8. Bamba C. 2007. *Going beyond The three worlds of welfare capitalism: regime theory and public health research. Journal of epidemiology and community health, 61(12), 1098–1102.* <https://doi.org/10.1136/jech.2007.064295>
9. Sherman, A. and Mitchell, T., 2017. *Economic security programs help low-income children succeed over long term, many studies find. Washington: Center on Budget and Policy Priorities.* <https://www.cbpp.org/sites/default/files/atoms/files/7-17-17pov.pdf>.

Жуманова С.С., Жумашов Е.А., Шарипова Д.Г.

#### **РАВЕНСТВО И КАЧЕСТВО В ОБРАЗОВАНИИ: КОНЦЕПТУАЛЬНЫЕ ОСНОВЫ ПОДДЕРЖКИ УЧАЩИХСЯ ИЗ МАЛООБЕСПЕЧЕННЫХ СЕМЕЙ**

Национальная академия образования им.Б.Алтынсарина,  
г. Астана, Казахстан  
e-mail: sara\_zhumanova@mail.ru

**Аннотация.** В статье рассматривается актуальность государственной поддержки обучающихся из малообеспеченных семей. Изучены факторы и контраргументы, являющиеся основой для обеспечения доступности качественного образования детям из социально уязвимых слоев населения. Авторы изучили материалы отечественных и зарубежных источников методом литературного обзора.

В результате анализа и критического осмысления собранных данных были сформулированы несколько выводов. Сделанные выводы полезны в контексте обоснования и совершенствования государственной политики в области обеспечения доступности образования.

**Ключевые слова:** доступность образования, социальная помощь, инклюзивное образование, государственная социальная политика, образование.

Zhumanova S.S., Zhumashov E.A., Sharipova D.G.

### **EQUALITY AND QUALITY IN EDUCATION: CONCEPTUAL FOUNDATIONS FOR SUPPORTING STUDENTS FROM LOW-INCOME FAMILIES**

National Academy of Education named after Y.Altynsarina,

Astana, Kazakhstan

e-mail: sara\_zhumanova@mail.ru

**Abstract.** The article examines the relevance of state support for students from low-income families. The factors and counterarguments of the basis for ensuring access to quality education for children from socially vulnerable segments of the population are investigated. The authors studied the materials of domestic and foreign sources by the method of the literature review.

As a result of the analysis and critical understanding of the collected data, several conclusions were formulated. The conclusions are useful in the context of substantiating and improving the state policy in the field of accessibility of education.

**Keywords:** accessibility of education, social assistance, inclusive education, state social policy, education.

ГРНТИ 16.31.51

**Т. Т. ЕСПЕНОВА, Қ.Е. ТАУЕНОВ**

*Т. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы*

*Алматы қ., Қазақстан*

*e-mail: tolkyn\_espnova@mail.ru, ktauenov@mail.ru*

## **ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНДА ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

**Аңдатпа.** Мақалада кәсіби құзіреттіліктері бар шығармашыл тұлғаларды даярлау жолында қазақ тілінің атқаратын роліне басты назар аударылған. Жоғары оқу орындарында «Қазақ тілі», «Кәсіби қазақ тілі» пәндерінің енгізілу мақсаты - ұлттық мәдениетті дәріптеумен қатар, кәсіби қызмет үшін қажетті іргелі білімді, іскерлікті және құзыреттілікті қалыптастыру, білім беру бағдарламаларында терең лингвистикалық білімді дамыту.

Ғылыми жұмыстың мақсаты – шығармашыл жоғары оқу орындарында қазақ тілін оқытудың негізгі ерекшеліктерін, қазақ тілін оқытудың әдістемелік негіздерін жан-жақты зерттеу, оқыту үдерісіне сипаттама жүргізумен қатар, қолданылатын әдістер мен тәсілдерге түсіндірме беру. Мақалада Қазақ Ұлттық Өнер академиясының мысалында. Темірбек Жүргенов өнердің түрлі мамандықтарында тіл үйренудің ерекше ерекшеліктерін атап өтті. Мақаланың міндеттерінде шығармашылық тұлға алдындағы филологиялық мәдениеттің кең мүмкіндіктері, тілдік коммуникация арқылы оның шеберлігін жетілдіру жолдары сипатталған.

Жұмыстың ғылыми жаңалығы шығармашылық жоғары оқу орындарында қазақ тілін оқыту ерекшеліктерін сипаттауда ғана емес, сонымен қатар кәсіби ортада тілді оқыту әдістерін одан әрі зерттеуде де жатыр. Нәтижесінде болашақ зиялы қауымның қатарын толықтыратын өнер саласында білім алатын жас мамандар мәдениет аясында қазақ тілін қолдану аясын кеңейтетін болады.

**Түйін сөздер:** қазақ тілі, әдістеме, шығармашыл жоғары оқу орны, тіл білімі, қазақ тілі оқулықтары, педагогика, өнер.

### **КІРІСПЕ**

Әлемдік жаһандану Қазақстан Республикасының кәсіптік білім беру жүйесінің халықаралық білім беру кеңістігіне серпінді интеграциялануына ықпал етуде. Бүгінгі таңда кәсіптік білім беру мекемелерінің мақсаты экономикаға белсенді араласуына ықпал ететін жеке және кәсіби құзыреттіліктері бар мамандарды даярлау болып табылады.

Қазақстан Республикасы үшін жаңа нарықтық экономикаға көшу жағдайлары мәдениет пен дәстүрдің жаңа ізденіс жолдарына түсіп, стереотиптік ойлау

бағытынан арылумен сипатталады. Қазақ халқының әдет-ғұрпы пен тарихын жаңғырту, этникалық, ұлттық мәдени жадыны болашақ ұрпақ санасына өзін-өзі танудың жаңа кезеңі ретінде сауатты жеткізе білу білім беру саласының, оның ішінде шығармашылық жоғары оқу орындарының алға қойған міндеттерінің бірі.

Жаһандану дәуірінде ақпараттың жинақталуы мен алмасуының артуы болашақ маман алдында үлкен мүмкіндіктер ашады. Е.І. Бидайбековтың «Білімді ақпараттандыру және оқыту мәселелері

атты оқулығында: «Білімді ақпараттан-дыру оқыту мен тәрбиелеудің психологиялық-педагогикалық мақсаттарына жету үшін білім саласында мағлұматтардың (білімнің) барын жүйеге келтіріп, жаңасын қалыптастыруды қамтамасыз ететін ақпаратты жинақтау, сақтау және тарату технологиялары мен құралдарын қолдануға бағытталған адамзат қызметінің ғылыми-практикалық саласын білдіреді»,-деген анықтама берген [1; 26].

Соған байланысты маманның табысты жұмысының маңызды шарттарының бірі ретінде коммуникативтілікке (байланысқа бейімділікке), іскери серіктесті түсіну қабілетін арттыруға, өз ойын кәсіби тұрғыда жеткізе білуге, коммерциялық жобаларды ұсынуға ана тілін кәсіби тұрғыда меңгерту қажет. Бұл мақсатқа жету жолында ақпараттық технологиялар білім алушыға да білім берушіге де көмекке келеді.

Білім алушылардың коммуникативтік құзыреттілігін дамыту үшін жүргізілетін жұмыс түрлері бар, олар:

- сұрақ-жауап (оқытушы мен студент);
- диалог;
- ауызша қарым-қатынас, жазбаша қарым-қатынас (түрлі әдіс-тәсілді қолдануға болады). Бұл жұмыс түрлері коммуникативтік құзыреттіліктің алғышарттары болып келеді [2; 67].

Жалпы, Қазақстандағы заманауи мәдени үдерістер елде болып жатқан демократиялық реформаларды тереңдетуге байланысты оң өзгерістерді көрсетеді. Әрине, отандық білім, ғылым мен мәдениеттің дамуы арнайы әдебиеттерде, бұқаралық ақпарат құралдарында жиі айтылып жатқан қиындықтарсыз болмайды. Олардың ішінде жиі аталатыны: мәдениет, ғылым, білім беру мекемелерін қаржыландырудың азаюы, оларды коммерцияландырудың күшейе түсуі; экономикалық қиындықтарға байланы-

сты осы салалардағы жұмысшылардың әлеуметтік қорғалуының төмендігі және т. б.

Қазақстан Республикасындағы тіл саясатын іске асырудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 31 желтоқсандағы № 1045 қаулысында – білім беру саласындағы қазақ тілінің функцияларын кеңейту және оны қолдану мәдениеттерін арттыру бағдарламаның басты міндеттерінің қатарына жатқызылған.

Филологиялық (гуманитарлық) мәдениет бүгінде барлық адамдар үшін маңызды, ол қазақстандықтардың өзін-өзі тануының, қазақ халқының ұлттық кодының негізін құрайды. Қазақ тілінің дамуы, ұлттық мәдениет пен ұлттық сананың жандануы қазақстандық қоғам үшін зор маңызға ие. Себебі, тіл-адамның қарым-қатынасының маңызды құралы. Әр тіл – халықтың тірі жаны, оның қуанышы, азабы, жады. Тіл – бұл қарым-қатынастың жан-жақты құралы, кез-келген мазмұндағы ақпаратты жеткізу тәсілі болып табылатын бүкіл бір әлем. Тіл бір-бірін түсінуге, жинақталған тәжірибе мен біліммен алмасуға көмектеседі, ойды білдіруге қызмет етеді. Білім алушылар үшін тілдік әлемді ұтымды және эмоционалды түрде сезіну ойлау қабілетін нәрлендіреді, соның арқасында жас ұрпақтың дарыны ашылып, үздік маман болуға мүмкіндік алады.

Қазақстан Республикасындағы жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру құрылымы Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі №319 Заңымен реттеледі. Шығармашыл жоғары оқу орындарында білім алушының өзіндік ерекшеліктері бар. Жоғары білім мамандық бойынша жүргізілетін тар шеңберде мамандырылған пәндер және әлеуметтік-гуманитарлық пәндер бойынша материалды игеруді қамти-

ды. Шығармашылық типтегі жоғары оқу орындарында бейіндік пәндерге едәуір көп уақыт бөлу қажет. Сонымен бірге, студенттердің көркемдік қабілеттерін дамыту олардың мамандықтарымен шектелмеуі керек. Өйткені, өнердің әр жанры бір-бірімен тығыз байланысты. Оқытудың бірінші және одан әрі кезеңдерінде шығармашылық жоғары оқу орындары гуманитарлық пәндерді қарауға баса назар аударады. Нәтижесінде студент болашақта қолданбалы білімге көңіл бөліп, өз ұстанымын еркін баяндайды және өз пікірін дәлелді түрде қорғай алады. Қазақ тілі студент үшін өнер туындысын жасау кезінде тірек болады. Себебі, елдің тарихын, мәдениеті мен салт-дәстүрін толыққанды сезіну үшін сол елдің тілін білу шарт.

Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ Ұлттық өнер академиясы Қазақстан Республикасында өнер және мәдениет саласында маман даярлайтын Жоғары оқу орны. Академия түлектері қазақ сахна, телевизия, кино, кескіндеме және мүсін, әрі дизайн саласында жемісті еңбек етіп жатыр. Академия қабырғасында мектеп, колледж, бакалавр, магистратура және докторантура бойынша білім беріледі. Академия магистранттары білім алу үрдісімен қатар іс-тәжірибеде өздерін көрсетіп жатқан дарындар. Жақын әрі алыс шетелдің түрлі кинофестивальдары мен ақпарат симпозиумдарына қатысып тұрады.

Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы сынды шығармашыл жоғары оқы орындарының алдында бәсеке қабілетті маман даярлау міндеті тұр. Сондықтан да, ғылыми жұмыс өнер саласының болашақ белді мамандарына кәсіби қазақ тілін оқытудың өзіндік ерекшеліктеріне арналады.

#### ЗЕРТТЕУДІҢ МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

Зерттеудің мақсаты – шығармашыл жоғары оқу орындарында қазақ тілін

оқытудың негізгі ерекшеліктерін, қазақ тілін оқытудың әдістемелік негіздерін жан-жақты зерттеу. Зерттеу міндеттеріне мыналар кіреді:

1. Қазақ тілінің шығармашыл тұлға алдында ашатын кең мүмкіндіктеріне сипаттама беру арқылы, оның маңыздылығы мәселесін көтеру;

2. Шығармашыл жоғары оқу орындарында қазақ тілін оқытудың ерекшеліктерін ұлттық-мәдени ақпараттың қайнар көзі ретінде тарихи білімді, фразеологиялық бірліктер мен афоризмдерді, материалдық мәдениет заттарының атауларын, терминдерді меңгерту арқылы көрсету;

3. Қазақ тілін оқыту мәселесін бірнеше кезеңге бөлу арқылы талдау.

#### ӘДІСНАМАСЫ

Ғылыми жұмыс авторлары зерттеу барысында жеке оқытушылық тәжірибелер мен филология ғылымының озық әдістемелерін қолданудың нұсқаларын ұсынды. Зерттеудің келесі әдістері қолданылды: жоғары оқу орындары оқытушыларының кәсіби қызметінің әдіснамалық негіздерін, болашақ мамандарды даярлау мен оқытуға арналған жұмыс бағдарламалары мен әдістемелік құралдарды талдау, ғаламтор сияқты заманауи құралдарды пайдаланудың педагогикадағы мүмкіндіктерінің тәжірибесін қолдану, кәсіби тиімділікті арттыру, білім алушыларды тілді жетілдірудің заманауи үлгілерімен таныстыру.

#### НӘТИЖЕЛЕРІ

Экономиканың жаһандануы және мәдениетаралық қатынастардың дамуы шығармашыл жоғары оқу орындары студенті үшін өнер нарығына үлкен жол ашты. Бакалавриатта білім алатын болашақ жас суретшілер, зергерлер немесе дизайнерлер – өз жұмыстарының нәтижелерін терең түсіне отырып, кәсіби дамуға ынталанады. Өнер академиясының білім алушылары шығармашылық семинарларда, шеберлік-кластарда, көрме-

лерде, конкурстарда, форумдарда, тренингтерде ерекше құнды ақпаратқа ие болады. Жоғары оқу орнын тәмәмдаған бітірушілер өнердегі соңғы тенденциялар туралы әрдайым хабардар бола отырып, жан-жақты құзіреттіліктерге ие. Құзыреттілік – білімді, шеберлікті, дағдыларды өмірде теорияда да, тәжірибеде де қолдануға дайын болу. Түлекке қатысты құзыреттілік, оның табысты кәсібилігінің тәжірибесі ретінде қарастырылады.

Қазіргі уақытта құзыреттілік тәсіл – коммуникативті өзара әрекеттесуді жүзеге асыра отырып, қызметтің сабақтас салаларында білім мен бағдарлау дағдыларын, білімді кәсіби қызметінде жүзеге асыру қабілеттерін игеруді көздейтін негізгі білім беру үрдісі. Мұның бәрі бәсекеге қабілетті тілдік тұлғаны қалыптастыруда қазақ тілінің рөлін айқындайды. Бәсекеге қабілеттіліктің айқын көрінісі де сол коммуникативті құзіреттіліктің қалыптасуында.

Қазақ тілі қоғаммен тұлғааралық қарым-қатынастағы білім беру құралы ретінде, білім алушылардың құндылық-семантикалық бағдарларын, тұлғаның когнитивтік, эмоционалдық, мінез-құлықтық сипаттамаларын айқындайтын лингвистикалық-танымдық ынтасының көрсеткіші. Қазақ тілін оқыту білім алушыларға шығармашылық ЖОО-ның негізгі факультеттерінде оқу, әрі қарай ғылыми қызметке қатысу үшін қажетті өзекті білім алуға мүмкіндік береді. Демек, қазақ тіліндегі тұлғааралық қарым-қатынас өнер саласындағы болашақ маманның міндетті құзыреті болып табылады. Өйткені, қазақ тілін жоғары деңгейде меңгеру кең мүмкіндіктерге жол ашады.

Болашақта Қазақстандағы білім беру жүйесі қазақ тіліне негізделетін болады. Қазақ тілін білу бәсекеге қабілеттіліктің өлшеміне айналады. Мемлекеттік тілді үйрену Қазақстан жастарының қоғамның тұрақты дамуына және елдің

өркендеуіне қосқан үлесі болуға тиіс. «...мемлекеттік тілдің ертеңі мен болашағына, қазақ тілінің құндылықтар төрінен сөзсіз орын алуына тиісті тетіктерді дамытуға бүкіл қауым, ата-ана, тәрбиеші, оқытушы, саясаткер, қызметкер, оқушы, студент болып қорғап қалуға атсалысуымыз қажет. Қазақ тілін жан-жақты өркендету мәселесі тек Тіл комитетінің немесе тіл ғылымының құзырындағы мәселе емес, оны ұлттық сана, ұлттық мәдениеттің алға басуы, өрлеуі дегенмен тікелей байланысты ақиқат» [3: 97].

Қазақ тілін үйрену арқылы білім алушы өзге туысқан түркі тілдерін тез үйрене алады. Қазақ тілі түркі мәдениетінің құпияларын ашуға мүмкіндік алады. Ол болашақ маманның қазақ мәдениеті әлеміне, оның барлық байлығы мен алуан түрлілігіне көздерін ашады. Аударма үздік болғанымен, ол қазақ әдебиетінің барлық сұлулығын көрсете алмайды. Сондықтан, қазақ тілін білу өте маңызды.

Инновацияларға уақтылы бейімделуден көрінетін заманауи білім беру жүйесінің жоғары ұтқырлығы, қазақ тілін оқыту үдерісінде ақпараттық және коммуникациялық технологияларды кеңінен қолдануға мүмкіндік береді: электрондық оқу құралдары, интерактивті оқыту әдістері, тақырыптық презентациялар мен жобалардың әртүрлі формалары, электронды аудармашылар, сөздіктер және т.б. түріндегі анықтамалық материалдар.

Жоғары мектептегі қазақ тілі оқытушылары үшін оқу іс-әрекетін жақсы ұйымдастыру және студенттердің «қазақ тілі» және «кәсіби қазақ тілі» пәндерін тиімді меңгеруі үшін қажетті әдістер мен құралдарды іздеу үлкен жұмыс болып табылады. Оқу үдерісін ұйымдастырудың оңтайлы жолдарын, оқу мазмұны мен оның құрылымының ұтымды нұсқаларын анықтау, әрине, қазіргі қоғамның объективті қажеттілігі болып табылады.

Оқытудың әртүрлі стратегиялары оқытудың белгілі бір бағытының объективті қажеттіліктерімен анықталады. Оның оқу бағдарламасына кәсіби салада қазақ тілін үйрену де кіреді. Осылайша, ол стратегиялар бүкіл оқыту жүйесін, осы жүйенің мазмұны мен оның ұйымдастырылуын анықтайды. Түлектің кәсібилігі жоғары оқу орны қабырғасында қаланады, ал нақты кәсіптік білім деңгейі кәсіби құзыреттілік құрамына кіреді.

Қазақ тілі бағдарламасы шығармашылық мамандықтарда білім алатын студенттердің әртүрлі салаларына арналған 15 практикалық сабақтан тұрады. Әр сабақтың негізін – мамандық бойынша құрастырылған мәтіндер құрайды. Мәтіндер – оқылымды түсінуге арналған тапсырмалар және лексикалық жаттығулармен бірге жүреді. Әр сабақтың соңында кәсіби сала шеңберінде ауызша және/немесе жазбаша тілдің коммуникативті дағдыларын дамытуға арналған тапсырмалар бар.

Пәнді игеру барысында студенттер Қазақстандағы тарихи үдерістерді, қазіргі заманғы мәдениет және өнер саласындағы өзгерістерді және өнер салаларының даму үрдістеріне талдау жүргізеді. Пән бойынша сабақтар туған жердің салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары бойынша білімінің кең өрісін меңгеру дағдысын қалыптастыру арқылы шығармашылық шабыт пен ой тудырады. Кәсіби міндеттерді шешу, қазақ тіліндегі коммуникацияны жетілдіріп, оны қолдану қабілетін қалыптастыру – пән оқытушыларының басты міндеті. Ол міндеттерге жету үшін олар арнайы мәтіндерді аудару үдерісінде аударма іс-әрекеттерін жүзеге асыру қабілетін қалыптастырады. Осылайша, тиісті дағдылар мен шеберлікті әрі қарай жетілдіру және табысты шығармашылық жұмыстарды орындаудың негізі қаланады. «Студенттер мамандық бойынша жұмыстың ерекшелігімен танысып қана қой-

май, сонымен қатар әр шығармашылық тұлғада болуы керек үйлесімділікті жүзеге асырады: ережелердің, кәсіби білімнің, яғни теорияның негізділігін ұмытпай, еркін және креативті ойлау қабілетіне ие болады» [4; 96].

Бүгінгі таңда оқытушының қазақ тілін меңгертудегі мақсаты - тілді жаттату емес, білім алушының бойында техникалық құралдарды, ғаламторды қолдана отырып, қажетті ақпаратты өз бетінше іздеу дағдыларын қалыптастыру. Тапсырмалар болашақта туындауы мүмкін қиындықтарды жеңуге және маңызды нәтижелерге қол жеткізуге бағытталуы керек (екіжақты аударма, мәтін соңында берілген сұрақтарға жауап, аңдатпа, түйіндеме, реферат жазу және т. б.). Қазақ тілі сабақтарының өтілу барысында «...шығармашылық даралықты дамытуға ықпал ететін негізгі педагогикалық жағдайларды есте сақтау қажет: ойлау жүйесін ынталандыру арқылы қабылдаудың нақты тәсілдерін, әлемге ерекше көзқарасты дамыту; студентке оның ерекшеліктерін білуге көмектесу; білім алушының шығармашылығына қатысты теріс пікірді білдіруден аулақ болу; үлгермеуші студенттерді құрметтеу; білім алуға деген нақты мотивацияны туындату; студентті түпкі нәтижесі үшін марапаттау» [5; 48].

Студенттер үздіксіз өзін-өзі дамытуда және тәрбиелеуде қазақ тілін қолдану мүмкіндігіне ие болуы тиіс. Қазақ тілін кәсіби қызметте тиімді пайдалануға және басқа салалардың мамандарымен қазақ тілінде байланыста болу үшін білу қажет. «Практикалық қазақ тілі сабақтарында оқытушы қазақ тілінен нақты сабақта меңгертілуі тиіс деп іріктелген грамматикалық және лексикалық білім минимумын меңгертуі керек болады. Ал, студент санасында қазақ тілі туралы оқу материалын игеру үдерісі өткеріліп жатады, қабылдау үдерісінің өзіндік ерекшелігі бар бір мәселе. Оған



қоса, студент талдау, жинақтау, салыстыру, топтастыру, шешімге келу, өз шешімін белгілі бір тілдік заңдылықтарға байланыстыра түсіндіре алу әдістерін үйреніп, игеріп жатады» [6; 116].

Берілген тақырып аясында қазақ тіліндегі материалдарды табу білім алушылар үшін белгілі бір қиындықтарды тудырады. Өйткені студенттер қазақ тілін жетік білмейді. Көп жағдайда шығармашыл жоғары оқу орындары студентінің сөздікпен, арнайы оқулықтармен жұмыс істеу дағдылары жоқ. Өнер саласына қатысты ақпаратты іздеу және өңдеу бойынша нақты әрекеттерді бастамас бұрын, оқытушы студенттерге қол жетімді мәтіндер тақырыбын іздеу және жұмыс істеу бойынша тапсырмалар беруі керек. Алынған дағдылар кейіннен мамандық бойынша мәтіндермен жұмыс кезінде қолданылады. Табысты нәтижеге қол жеткізу үшін қазақ тілі пәнінің оқытушысы сабақ барысында әртүрлі жұмыс түрлерін, оқу материалдарының кең аясын қолданады. Бұл студенттерге кәсіби білім алу дағдыларын қалыптастыруға, пәндік құзыреттіліктерді дамытуға мүмкіндік береді.

Г.Т. Алдамбергенова өзінің «Өнердегі қазақ тілі» атты кітабында: «Өнер саласында терминдердің лексикалық мағынасын қазақша түсіндіру көзделді. Тақырыптардың мазмұнына сай сұрақтар, тапсырмалар берілді. Оқу құралындағы сұрақтар мен тапсырмалар студенттің ой-өрісін жетілдіре түсіп, ойлауын, кәсібіне деген қызығушылығын арттырады», - деп қазақ тілін шығармашыл жоғары оқу орындарында оқытудың өзіндік ерекшеліктеріне тоқталып өткен [7; 3].

Қазақ тілін үйрену барысында оқытушы шығармашылық бағытында білім алатын студенттермен жүйелі жұмыс жүргізеді. Оның мақсаты:

- Бейнелеу өнері, музыкалық өнер, кино және театр саласындағы терминдер мен ғылыми және арнайы ұғымдар-

ды қолдану арқылы сөйлеудің синтаксистік құрылымын меңгеру;

- мәтін құрылымын талдау, баяндамалар, ақпараттық хабарламалар жасау дағдыларын дамыту;

- тыңдалған ғылыми және кәсіби тақырыптағы мәтіндерді мазмұндай білу.

Әйгілі суретшілердің суреттерін, данышпан зергерлер мен дизайнерлердің туындыларын қолдана отырып қоғамдағы өнердің маңыздылығын түсінуге, эстетикалық сезімдерді тәрбиелеуге және сонымен бірге, әр түрлі елдердің әдебиеті мен тарихы мысалында лексикалық-грамматикалық материалды пысықтауға көмектесуге болады. Суреттерді, фотосуреттерді, иллюстрацияларды қолдану грамматикалық құрылымдар мен лексикалық бірліктерді есте сақтауға оң ықпал етеді. Молдахмет Кенбаевтың «Шопан әні» (1955), Қанафия Тельжановтың «Жамал» (1955), Камиль Шаяхметовтың «Түс кезі» (1958), Сахи Романовтың «Жайлау кеш» туындылары қазақ тілінде сөйлеудің дағдыларын дамытуға арналған көрнекі құралдар. «М.Кенбаев, Қ.Тельжанов, Р.Сахи, Қ.Шаяхметов орындауындағы

Қазақстанның көркемдік бейнесі ұлттық мәдениеттің рухын жеткізуге мүмкіндік берді. Олардың шығармашылығы қазақ өмірі мен әдет-ғұрпына арналған тақырыптарды метафоралық-бейнелі түрде ашумен, бұрын-соңды болмаған еркін жазу тәсілін меңгерумен байланысты» [8; 8].

Егер көрнекі құрал ретінде қолданылған суретте адамдар тобы бейнеленген болса, онда тапсырмалар ауызша сөйлеуді дамытуға бағытталуы мүмкін, атап айтқанда:

- сұраулы сөйлемдерді құру (өткен грамматикалық материал пысықталды);

- сурет кейіпкерлерінің диалогтарын құру (тікелей сөйлеуді пысықтау);

- суреттегі белгілі бір затты немесе объектіні көрсету арқылы жалпы сұрақтарға иә/жоқ деп жауап беру;

- берілген суретке бір-бірін қайталамай сипаттама жасау;

- суреттегі нысанды немесе затты таңдап, олардың қазақша атауларын айту;

- кез-келген бір кейіпкерді алып, оған сипаттама беру;

- кейіпкерлердің үстіндегі киім үлгілерін ауыстыру, оның түсін өзгерту. Бұл тапсырма әсіресе болашақ киім дизайнерлері үшін маңызды;

- «галереядағы сұхбат» тақырыбында интервью өткізу, көрермендердің өнер туралы пікірлерін білу. Дайындыққа 5 минут беріледі. Студенттер алдын-ала жазбалар әзірлеп, содан кейін әркім өз көзқарасын білдіруге мүмкіндік алады;

- интернеттен отандық және шетелдік өнертанушылардың туынды туралы пікірін табу, оны қазақ тіліне аудару (қазақ тілінен орыс тіліне және керісінше) және тікелей, жанама сөйлеу ережелерін ескере отырып, оны 5-10 сөйлем көлемінде баяндау.

Көрнекі құралдардың презентациялық және басқарушылық екі негізгі қызметін атап өтуге болады. Ол мәдени және ақпараттық компоненттердің үйлесімділігімен ерекшеленеді. Көрнекі құралдар - эмоционалды бай орта болғандықтан, олар тілді қолданудағы күшті мотиватор. Сонымен қатар, тілді оқытуда әртүрлі бейнероликтерді немесе кино және анимация туындыларын пайдалану студенттерге өзін-өзі көрсетуге және өзінің шынайы ойлары мен сезімдерін білдіруге ынталандырады. Презентация қызметін жүзеге асыру арқылы бейнеленген көріністердің шынайылығы мен тең түпнұсқалығын жеткізу мүмкін болса, басқару қызметі негізінде бейнелер коммуникация құралы рөлін атқарып, жазбаша және ауыз-

ша сөйлеуге ынталандырады.

Пәнді оқыту үдерісінде көрнекі құралдармен қатар практикалық тапсырмалардың кең үлгісі қолданылады. Қазақ тілін оқыту барысында өнерлі студенттер көбіне терминдер сөздігін пайдаланады. Ерекше көмек беретін сөздіктер қатарына С. Құлмановтың Орысша-қазақша терминологиялық-анықтамалық сөздігін (сәулет және құрылыс) (2009), Т.П. Чаговецтің «Бейнелеу өнері терминдерінің сөздігін. Кескіндеме. Графика. Мүсін» (2013), Д.Амандықованың «Дизайнерлерге арналған сөздік-анықтамасын» (2012) жатқызуға болады. Сонымен қатар, қазақ тілін зерттеу ісіне ерекше үлес қосқан филолог-ғалымдар мен оқытушы-профессорлардың еңбектері күнделікті сабақ барысында пайдаланылады. Олардың қатарында Ш.К. Бектұров «Қазақ тілі» (1998), З.С. Күзекованың Қазақ тілі (1999), Қ.Ж. Абдрахманованың «Қазақ тілі» (2018), Г.Мұсаеваның «Қазақ тілі» (2015) және т.б. еңбектер бар.

2013 жылдан бастап барлық жоғары оқу орындарының оқу бағдарламасына енгізілген «Кәсіби қазақ тілі» пәні Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы бекітілген мемлекеттік білім беру стандарттарына сай оқытылуда. Сол уақыттан бері қазақ тілін тереңдетіп, мамандыққа сай оқытуға арналған көптеген жаңа оқу құралдары жарық көрді. Олардың басым көпшілігі оқытушылардың жеке тәжірибесінің негізінде даярланып, жеке мамандықтарға арналып жазылды. Осындай оқулықтардың қатарына М.М. Жағыпарованың «Кәсіби қазақ тілі» (2015), Т.Т. Еспенованың «Кәсіби қазақ тілі» (2018), А.Амангелдінің «Кәсіби қазақ тілі» (2019) оқу-құралдары кіреді.

Зерттеудің бастапқы кезеңінде кәсіби қазақ тілін шығармашыл жоғары оқу орындарында оқытудың ерекшеліктерін айқындау басты мақсат болды. Алдымызға қойылған міндеттерді шешу

үшін аталмыш оқулықтарда берілген әдістемелерді зерттеу бірінші кезектегі маңызға ие болса, екінші кезекте жеке оқытушылық тәжірибе барысында қалыптасқан ерекшеліктермен таныстыру мақсаты болды.

Жеке тәжірибелік мақсаттарға келетін болсақ, кәсіби қазақ тілін оқыту 3 кезеңге бөлініп әр кезең өзіндік сипаттамаға ие болды. Жеке тәжірибеге жүгіну қазақ тілін оқыту әдістемесін әзірлеудегі бастапқы сәт болып табылады.

Аталмыш оқу құралдарын жазған авторлардың әдіснамаларын зерделей отырып, шығармашыл тұлғаларға тіл үйрету мәселесінде өзіндік әдістер қалыптастырылды. Жоғары оқу орындарында қазақ тілін оқыту практикалық сабақ формасында өтеді. Жоғарыда аталып өткендей қазақ тілін шығармашыл жоғары оқу орындарында оқыту мәселесінің бірінші кезеңінде Қазақстан тарихының негізгі кезеңдерін ауызша баяндауды үйрену қолға алынды. Оқыту кезеңінің осы бөлігінде ұсынылған лексикалық-грамматикалық жаттығулар мен шығармашылық тапсырмалар лингвистикалық және лингвоелтанымдық құзыреттіліктерін қалыптастыруға, яғни алынған білім мен қалыптасқан дағдыларды кәсіби маңызды жағдайларда қолдана білуге ықпал етеді. Қойылған міндеттер шеңберінде білім алушылар ұлттық-мәдени ақпараттың қайнар көзі ретінде тарихи білімді, фразеологиялық бірліктер мен афоризмдерді, материалдық мәдениет заттарының атауларын, терминдерді меңгереді. Ұсынылған жаттығулар студенттердің лингвистикалық құзыреттілігін қалыптастыра отырып, зерттелген лексиканы белсендіруге ықпал етеді. Мұнда қазақ тілі білім алушылардың таңдаған білім саласында мүдделерін дамытуға ықпал ететін тиімді құрал, кәсіби маңызды ақпарат алу көзі ретінде әрекет етеді.

Кәсіби қазақ тілі курсының екінші

бес аптасындағы негізгі мақсат – іс-жүргізудің лексикалық, грамматикалық және мәтіндік ерекшеліктерімен танысу; іс-жүргізу құжаттарының мысалында ресми стильдегі мәтіндерді жазбаша аудару дағдылары мен іскерлігін қалыптастыру және дамыту; тіларалық коммуникацияның әртүрлі кезеңдерінде тілдік құралдарды қолдану және екі тілде қатар әрекеттерді орындау, іс-жүргізу құжаттарын бір тілден екінші тілге аудару. Н.Асқаровтың «Іс қағаздарын жүргізу негіздері» атты оқу-қолданбалы құралында – «Іс қағаздарын жүргізу: басқаруды құжаттамалық қамтамасыз ету: құжаттауды қамтамасыз ететін және құжаттар бойынша жұмыс жүргізуді ұйымдастыратын заңды тұлғалардың қызмет аясы» деп белгіленген [9; 19]. Қазақ тілінің сабақтарында автордың оқу-құралында берілген «түйіндеме», «жұмысқа қабылдау туралы өтініш», «өмірбаян» және т.с.с. ресми іс-жүргізу құжаттарының мәтіні пайдаланылды.

Білім алушыларға қазақ тілі бойынша практикалық сабақтардың соңғы бөлігінде қамтылған дайын ғылыми мәтіндерді талдау тапсырмаларынан өз мәтіндерін шығаруға біртіндеп көшу жүзеге асырылады. Ол үшін ғылыми мәтіндердің әртүрлі жанрларын теориялық тұрғыдан зерттеп қана қоймай, сонымен қатар қазақ тілінде ғылыми мақалалар жазу дағдыларын қалыптастыру үшін жаттығулардың әртүрлі түрлерін қолдану қажет. Жазбаша ғылыми мәтінмен жұмыс оның мазмұнына (тақырыбы, мақсаты, автордың жоспары, негізгі ойлары, қорытындысы), құрылымына (өзектілігі, мақсаты, әдебиетке шолу, зерттеу, тұжырымдар, пайдаланылған дереккөздердің тізімі, аңдатпа, түйін сөздер) және тілдік ерекшеліктеріне (жалпы ғылыми және терминологиялық лексика, морфология, синтаксис) назар аударуды талап етеді. Бұл кезеңде әр түрлі ғылыми жанрдағы мәтіндердің ерекшеліктерін практика-

лық игеру, ғылыми жұмыстарға шолу жасауды үйрену жүзеге асырылады. Ғылыми зерттеу бейіні бойынша ғылыми мақала жазу білім алушының жұмысының нәтижесі ретінде қарастырылады.

